



## Алаяқ аяғын тартсын десек...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керектігін атады. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарына мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысына барынша ден қоюды да тапсырды. Бірақ, полиция қызметкерлері интернет алаяқтықпен жұмыс жүргізіп, тамырына балта шабуға қанша тырысқанымен, Қарағанды облысында жасалатын қылмыстардың басым бөлігі осы алаяқтыққа қатысты тіркелуде. Бұл ретте құзырлы орган, атап айтқанда, полиция департаментінің өкілдері тұрғындар құқықтық және қаржылық сауат жүйелі түрде күшейтілмейінше, істен нәтиже шығуы екіталай екенін айтады.



Суретшілік архивтен



### Президент тапсырмасын орындай отырып...

шалған жәбірленуші «Халық банкінің» қызметкерімін» деп таныстырған белгісіз адамның қоңырау шалғанын мәлімдеген. Ол жәбірленушінің аталған банктегі жеке кабинеті бұзылғанын, ақшасын сақтап қалғысы келсе, «HорToDeask» қосымшасын жүктеу қажет екенін хабарлаған. Содан кейін белгісіз тұлғалар жоғарыда көрсетілген қосымшаны пайдалана отырып, 10 миллион теңгеден астам соманы шоттарға аударған. Одан бөлек, «Хоум Кредит Банкке» АҚ-дан кредит рәсімдеген. Жәбірленуші интернет-алаяқтық туралы білген. Бірақ, қоңырау шалғандардың айтқаны сенімді болғаны сонша, өз еркімен деректерді беріп жіберген. Осындай сәттерде асығудың қажеті жоқ. Алаяқтарға да керегі сол асығыстық, – дейді Шахназар Салин.

Айта кету керек, құрамына қаланың аумақтық бөлімшелерінің тергеушілері, жедел уәкілдері мен криминалистері бар «Киберпол» соққы-нысаналы тобының жұмысы «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Ал, интернет-алаяқтықтарға қатысты шұғыл тергеу әрекеттерін қызметкерлер бір жерде және бір уақытта жүргізеді.

«Киберпол» қажетті базалық материалдық-техникалық құралдармен, ІТ зертханалармен жабдықталған. Қазіргі уақытта топқа аумақтық бөлімшелердің 48 қызметкері жұмылдырылған. Оның 12-і – жедел уәкіл, 12-і – тергеуші, 12-і – криминалист және 12-і – учаскелік полиция қызметкері.

### Салтанат ІЛНІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Интерполдың 2022 жылғы қарашада ұсынған деректеріне сәйкес бүгінде интернет арқылы жасалатын фишинг және басқа да онлайн қылмыстар есірткі айналмы мен ақшаны жылыстату сияқты қатерлердің қатарында. Мәселен, 2025 жылға қарай кибершабуылдардан келетін залал 10,5 трлн. долларға дейін жетуі мүмкін екенін жасармайды Интерполдың Бас Хатшысы Юрген Сток. Ал, ұрланған қаржының бір пайызы ғана иелеріне қайтады екен. Қалған ақшаның 99%-ы – қылмыскерлердің қолында қалады.

Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы полиция полковнигі Шахназар Салин полиция қызметкерлерінің негізгі күш-жігері қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етумен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтарды, оның ішінде, интернет-алаяқтықтарды анықтауға бағытталғанын айтады. Мәселен, биылғы соңғы үш айда Қарағанды қаласында 2631 қылмыс тіркелген. Бұл – облыста тіркелген қылмыстардың 74,4%-дан астамы.

– Бүгінде жасалатын қылмыстардың басым бөлігі – алаяқтық. Яғни, 57,0%-ы, оның ішінде, интернет-алаяқтық – 46,1%.

Биылғы жарты жылда Қарағанды қаласының полиция қызметкерлері бірқатар жұмыстар атқарды. Қабылданған шаралар нәтижесінде алаяқтықтардың саны өткен жылмен салыстырғанда 3,4%-ға азайды. Бірақ, дәл осы алаяқтық бойынша жасалатын ауыр қылмыстар 22,3%-ға өсті, – дейді Шахназар Салин.

Жалпы, интернет алаяқтық облыс орталығында көп тіркелетінін жеткізді полиция полковнигі. Мәселен, 610 іс тіркелсе, оның 14-і – ауыр қылмыстар санатына, 596-ы – орташа ауырлықтағы қылмыс санатына жатқызылған.

– Цифрлық технологиялардың дамуы өмірімізді жақсартқанымен, алаяқтарға

қылмыс жасауға жақсы мүмкіндік ашып берді. Бұл, әсіресе, коронавирус инфекциясының таралуына байланысты 2020 жылғы карантин режимінде белең алды. Дәл осы кезде халықтың көпшілігі қаржылық операцияларды онлайн жүзеге асырып, түрлі тауарларды да онлайн сатып алып отырды. Одан бөлек, түрлі қызметтер де Интернет арқылы ұсынылды, – дейді Шахназар Әбдәшімұлы.

Полиция қызметкерлері тұрғындар өздері алаяқтарға сак болса, олар да ештеме жасай алмайтынын айтады. Көп жағдайда азаматтар жалған қоңырауларға сеніп, деректерді өздері беріп жібереді.

– Орталық полиция бөліміне қоңырау

### • ЕРТЕҢ — КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

## Автослесарьдің әлемі

Ел мен елді жалғайтын көлік қызметкерлерінің тізімі тек жүргізушілермен ғана шектелмейді. Кез келген көлік құралын жөндеп, техникалық қызмет көрсететін автомеханик секілді мамандық иелерінің де мерейлі мерекесі. Қарағандыдағы №3 автопаркте слесарь болып еңбек ететін Тәттімбет Жанат сегіз қырлы. Өзі өнші, өзі сазгер жігіттің өнер жолында жүріп те бала-шағасын асырай алады. Бірақ өзінің екінші үйіндей болып кеткен автопарктегі қызметінен әсте бас тартпак емес.

### Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәттімбет қара еңбекпен өскен, маңдай тердің қадірін білетін азамат. Автопаркке жұмысқа орналасқанша бірнеше жерде еңбек етті. Жеті қат жер астына да түсті. Костенко атындағы шахтада да біраз жыл еңбек сіңірді. Кейіннен өзінің қолынан келетін қазіргі слесарлық қызметке ауысты. Осы жерде жүріп өсіп-өнген Тәттімбетке бірнеше ұсыныс түссе де автопарктен кеткісі жоқ. Өйткені, «Жұлдызымды жаққан да, бағымды ашқан да осы жұмыс» дейді.

Мұнда күніне төрт-бес автобусты техникалық тексерістен өткізеді. Май-суын ауыстырады. Сүзгілерін жаңалайды. Бұзылып тұрған бөлшектерін айырбастайды. Қала ішіндегі көк автобустар еш кедергісіз жүріп тұрса, онда Тәттімбет секілді жұмысына жауапты механиктердің еңбегі деп біліңіз.

– Таңнан кешке дейін тоқтаусыз жолда жүретін автобустарда техникалық кінәрат болмауы керек. Себебі олар жолаушы тасымалдайды. Бізде сонда жауапкершілік мол деген сөз. Дегенмен, қазір бұрынғыдай емес, автобустар жаңарды, – дейді слесарь Тәттімбет.

Бес жасынан бастап, қой кезекте домбыра шертіп жүрген қара домалақ бала өнерін осында жүріп шындап қолға алады. Оны танымал еткен «Меңді қыз» әніне автопарктегі көлік жөндеуінің цехта әріптестерімен бірге бейнебаян түсіреді. Содан әлеуметтік желіде кеңінен таралып, жұлдызы осы сәттен жарқырайды.

– Қолыма су жаңа «Меңді қыз» әні түсті. Өзіме өте қатты ұнағандықтан жарыққа шығарамын деп шештім. Сосын ұят түгі жоқ, адал маңдай теріммен қызмет етіп жүрген автопаркте шығарғанды жөн



Сурет кейінкердің жеке мұрағатынан.

### • ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

## «Мен мектепке барамын»

«Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясында әлеуметтік осал санаттағы балаларға жыл сайынғы қолдау көрсету жалғасуда. Қазір аймақтарда оқу құралдары мен қажетті тауарларды сатып алуға бағытталған қаражат аударылуда. Осы уақытқа дейін 77, 8 мыңнан астам баланың ата-анасының есепшоттарына 3,4 млрд. теңгеден астам қаражат жіберілді.

### Аяулым ҚАЗАСТАН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Жалпыға бірдей білім беру» қоры 500 мыңнан астам баланы қамтиды. Олардың қатарында атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардағы мектеп оқушылары мен жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балалары бар. Сондай-ақ, жетім балалар мен төтенше жағдайға тап болған отбасылардың балалары да назардан тыс қалмаған.

– Оқу-ағарту министрлігі ата-аналардың есепшоттарына қаражат аудару арқылы көмек көрсету тетігін жетілдіру шараларын қабылдады. Бұл ата-аналар мен балаларға киім-кешек пен мектеп керек-жарактарын жеткізушілерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша сапасыз тауарларды алуды болдырмайды. Қазіргі таңда әрбір білім алушыға киім, оқу құралдарын сатып алуға арналған ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде – 43 407 теңге қаражат белгіленген, – деп атап өтті Балалар құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Айта кету керек, соңғы үш жылда материалдық көмек көлемі 2,5 есеге, яғни, 17 мыңнан 43,5 мың теңгеге дейін өсті. Өткен жылы аймақ бойынша қаржылай көмек мөлшері 40 567 теңгені құраған. «Жалпыға бірдей білім беру» қорына 5695 өтінім келіп түскен.



# Бар жақсылық – балаларға



Оқушылардың жазғы демалысы аяқталуға жақын. Жаңа оқу жылы басталып, мектеп табалдырығын алғаш рет аттайтын балдырғандар үшін алғашқы қоңырау соғылатын күн де жақындап келеді. Облыста 1 тамызда дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Сонымен қатар, жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан 13 мыңға жуық бала жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржылай көмек алады.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, биыл мемлекет тарапынан берілетін ақшалай төлемнің мөлшері 43 407 теңгені құрайды. Өңірлік коммуникациялар қызметі платформасында өткен баспасөз мәслихатында облыстың білім басқармасы басшысының орынбасары Бактыгүл Әдекенова материалдық көмектің кімге берілетіні туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Мектепке жол» акциясы жыл сайын әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындалуға жәрдемдесу және тұрмыс жағдайының кесірінен мектептен қалудың алдын алу үшін өткізіледі. Оған демеуші ретінде барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Акция аясында мектептерде «Балаларға жақсылық бер!»; «Ауыл балаларына – мектепке сыйлықтар»; «Отбасы отбасына көмектеседі,

баланы мектепке жинаймыз!» деген үндеумен қайырымдылық шаралары өткізіледі, – деп атап өтті Бактыгүл Әдекенова.

Бұдан бөлек, аймақты «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар», «Қамқор» арнайы рейдтері жүргізіледі. Жәрмеңкелер ұйымдастырылады, онда ата-аналардың мектепке қажетті тауарларды төмендетілген бағамен сатып ала алуына мүмкіндік бар.

– Жылдағы дәстүр бойынша жаңа оқу жылы қарсаңында жал-

пыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен әртүрлі санаттағы балаларға материалдық көмек көрсету бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Биыл бұл мемлекеттік қызметке айналды, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардағы АӘК алатын балаларға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, мектептердің қамқоршылық кеңесінің шешімі бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек алады. Нақты айтсақ, бір балаға 43 407 теңге көлеміндегі қаражат мектеп формасын, аяқ киім мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін ата-аналардың қаржылық шотына аударылатынын атап өту керек, – деді Бактыгүл Әдекенова.

Бір айта кетерлігі, жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмек алу үшін мектептің кеңесіне өтініш беріп, отбасының немесе баланың әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Биыл облыс аумағында 172 мыңға жуық оқушы мектепке барады. Бірінші сыныпқа 15 485 бала өтініш берген.

Сурет  
ашық дереккөзден

## Кеңесші тағайындалды



Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы «Адам құқықтары және Заң Үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» № 409 Жарлығына сәйкес Айжан Қиясова Қарағанды облысы әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі лауазымына тағайындалды.



Айжан Қиясова – 1977 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Тұрмыста, үш баланың анасы.

1998 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша бітірген. Қазір Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ҚХА кафедрасының «Этнополитология» мамандығы бойынша магистранты.

Айжан Қиясова – гендерлік теңдік мәселелері бойынша тәжірибесі бар азаматтық, бизнес-қоғамдастықтың белсенді әрі тәжірибелі өкілі.

Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қарағанды облысы және Қарағанды қаласы әкімдерінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары.

2024 жылдың наурыз айынан бастап, Қарағанды облысы ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

Кәсіпкерліктегі жұмыс тәжірибесі 2008 жылдан басталады.

### • ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

## Бекет бекем болу үшін

Өрт – тілсіз жау. Аптап ыстық кезіндегі түрлі өрттердің алдын алу мақсатында Осакаров және Қарқаралы аудандарында төрт жана өрт сөндіру бекеті ашылды.

Атап айтсақ, олардың үшеуі Осакаров ауданының Қаракөл, Родниковское және Сарыөзек ауылдарында және біреуі Қарқаралы ауданының Айрық ауылында орналасқан.

Ашылған барлық төрт бекет «Ермак» тіркемелі өрт модульдерімен, жоғары қысымды аппараттармен, мотопомпалармен, сатырлатқышпен, өрт жеңдерімен және рюкзак өрт сөндіргіштерімен жабдықталғанын атап өткен жөн.

– Өрт сөндіру бекеттерінің

ашылуы – Осакаров ауданының өміріндегі маңызды оқиға. Мақсат – ауыл шаруашылық жерлерін қорғау. Аудан орталығынан шалғайда жатқан елді мекендерде бекеттердің ашылуы – уақыт талабы. Бүгінгі таңда ауданда 10 өрт сөндіру бекеті жұмыс істеп тұр. Келесі жылы тағы үшеуін ашу жоспарланып отыр, – деп атап өтті салаға жауапты мамандары.

Өз тілшімізден  
Сурет  
облыс әкімдігінің сайтынан



### • ӘЛЕУМЕТ

## Кезекші рейс жолға шығады

Қалада тұратын жұртшылық үшін автобус қозғалысының уақыты өте маңызды. Автобустар таңертең неғұрлым ерте қозғалып, кешкілік жұмысын кештеу аяқтаса өте құптарлық іс. Осындай қажеттілікті ескерген Қарағандыдағы №3 автопаркі қоғамдық көліктердің қозғалыс уақытын ұзартты.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми дерекке сүйенсек, №3 Қарағанды автопаркі кешке «ЖБИ» ауданынан Майқұдыққа

қоғамдық көлікпен жету үшін кезекші рейстерді қосты. Осылайша, №33, 53 және 43 маршруттарының жұмыс уақыты ұзарды.

– №33 маршруттың соңғы автобусы «Магnum» сауда үйі-

нен 21:10-да шығып, ЖБИ-дегі жұмысын 22:30-да аяқтайды. №53 маршруттың соңғы рейсі Оңтүстік-Шығыс автостанциясынан сағат 21:35-те кетіп, Майқұдықтағы жұмысын 22:55-те қорытындылайды. №43 маршруттың соңғы автобусы 30-шы шағын ауданнан сағат 22:00-де шығып, Майқұдықта жұмысын 23:20-да тәмамдайды, – деп хабарлады автопарк мамандары.

– Қосымшы рейс шығарғаны – өте құптарлық іс. Әсіресе, жаздың күндері автобус ерте тоқтап қалса, үйге жету қиын. Кейде жұмыстан кеш шығамыз. Ең болмаса, осы соңғы рейске мініп, қаланың орталығына келіп, әрі қарай жолай көлікпен үйге жетеміз. Онсыз тұтас таксимен жүресек қалтамызды қағып алады, – дейді ЖБИ тұрғыны Ерасыл Игенбеков.

### • ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

## Судан тапшылық көрмейді

Быттыр Теміртауда қаланың барлық орталық бөлігін қамтамасыз ететін Қарағанды-Теміртау су құбырының әбден тозуына байланысты мәселе туындаған еді. Бұл аймақтарға су кесте бойынша беріліп келген-ді. Жағдайды тұрақтандыру үшін секциялар ауыстырылған. Жұмыс биыл да жалғасып жатыр.

Біз сөз етіп отырған су құбыры қаланы айналып өтеді. 2023 жылы оның әбден тозғандығы анықталды. Сақтау қоймаларына су берілмейтіндіктен тұрғындар жаз бойы суық судан тапшылық көрді. Қала басшылығы шұғыл шаралар қабылдап, қазір ұзындығы 5 шақырым болатын құбырлардың бірнеше учаскесі ауыстырылған.

– Быттыр суық судан тапшылық көргенімізді білесіздер. Жөндеу жүргізіп, 5 шақырымдық су құбырын ауыстырдық. Осы арқылы сумен қамтуды жеткізуді сағатына 400-450 текше метрге дейін арттырдық. Бүгінде әр үйге

ауызеу тұрақты түрде жеткізіледі. Десе де, бұл әлі де жеткіліксіз. Себебі, су құбырының өндірістік қуаты сағатына 800-ден 900 текше метрге дейін жетеді. Қалыпты бақылау жұмысы су ағынын 100-150 текше метрге арттырады. Бұл жаңа су құбыры тартылғанға дейін азаматтарды сумен қамтамасыз етуге жеткілікті, – деп түсіндірді қала әкімі Ораз Тәуірбеков.

Қазір жұмыс белсенді жүріп жатыр. Келісімшартқа отырған жергілікті мердігер жұмысты бастап, бірінші бөлігін аяқтауға жақын. Алда келесі бөлік күтіп тұр. Жыл соңына дейін ескірген

құбырлардың 7 шақырымын ауыстыру жоспарланса, оның 5 шақырымы қалалық бюджет есебінен. Ал, 2 шақырымы демеуші кәсіпорын ауыстырады.

«Қазір алтыншы учаскеде тұрмыз. Оның ұзындығы – 1160 метр. Материал қолжетімді. Жетінші учаскеге көшеміз», – деп жалғастырды қала әкімі.

Жалпы, қайта қосылу бірден болады. Су құбырын жөндеп жатқан «Рекон ЛТД» мердігер ұйымының директоры жұмыстың қалай жүріп жатқанын, нәтижені дәл осы учаскеден басталғанына тоқталды.

– Тапсырыс берушімен кеңескеннен кейін біз ең проблемалы және жөндеуді өте қажет ететін аумақты таңдадық. Ол ең батпақты жерде орналасқан. Сондықтан, жаңбыр жауар алдында

жасау керек. Монтаждау жұмысын жүргізіп жатырмыз, қазір 700 метрге жуық құбырды жеткіздік, параллель траншея қазылуда. Бұл бөлімді келесі аптаның соңында аяқтауымыз керек, – дейді Әнуар Төлендин.

Жөндеу жұмыстарын жүргізетін кәсіпорынның инженерлік желілермен айналысып жатқанына он жылдан асты. Оның үстіне, ол – Теміртаудан. Қазір орнатылып жатқан құбырларды жергілікті металлургиялық кәсіпорын қамтамасыз етіп отыр. Қалған 5 шақырымды жеткізетін мердігер әзірге белгісіз.

Жобаны 31 қазанда аяқтау жоспарланған. Жұмыстың құны 75 миллион теңгені құраса, қалған құбырлардың бағасы кейін белгілі болмақ.

Өз тілшімізден



Сурет шик дереккөзден

# Жақсы жұмыс – жанға тыныс

Былыр Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен болған кездесуде орта кәсіпкерліктің дамуын жеделдету керектігін қадап айтты. Арала бір жыл өтті. Не өзгерді?

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Мемлекет басшысының межесі

– Жалпы алғанда, Қазақстанда шағын және ірі бизнес үшін өте жақсы жағдай жасалған. Ірі бизнес орнықты дамып келеді және табысы мол. Ол үшін мемлекеттік саясат қолданыстағы ережелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуі, фаворитизм мен бәсекеге қабілетсіз тәжірибелердің болуына жол бермеуі маңызды. Бұл бағытта белсенді жұмысты жалғастырамыз, – деді Президент.

Иә, кәсіпкерлік жұмыспен қамту, халықтың табысын арттыруда аса маңызды рөл атқаратыны түсінікті. Бұл бағытта кәсіп өкілдері үшін салық барынша төмендетілді. Негізсіз тексеру де іс жүзінде жоқ деуге болады. Қолдау тетіктері тегеурінді. Озық әрі жайлы цифрлық орта қалыптасып келеді. Әкімшілік кедергілер легі де кезең-кезеңімен кеміп келеді. Бірақ, атамекенімізде бизнесін бастаған, яки, қақ ортасында жүрген сегментіне ынталандыру жолдары қарастырылмағанын Президент тап басып, тиісті қорытынды шығару қажеттігін меңзеді. Өйткені, нарық айдынына тез бейімделе алатын да осы орта. Мұны ресми дерек көзі де растайды. Мәселен, соңғы 7-8 жылда жалпы ішкі өнім аясында шағын және орта кәсіпкерлік үлесі артқаны аңғарылады.

Енді саралайық. Жыл ара орта кәсіпкерлік тек 0,5 пайыз шамасында өсіп келіп, бүгінге дейін экономикадағы үлесін 5 пайыздан 6,2 пайызға дейін ғана ұлғайтқан. Бұл ретте Экономикалық ынтимақтастық пен даму ұйымы елдерінде оның үлесі орта есеппен 18 пайызға тең. Айырма – жер мен көктей. Ал, жеке-кей мемлекеттерде бұл көрсеткіш, тіпті, 26 пайызға дейін жетіп жығылған. Әлбетте, кәсібін дөңгелеткен әркім де пайдасының молдығын, мехнаттың кемдігін көздейтіні рас. Керісінше, құжаттық шеңберде олар, тіпті, кеңейген кезде де, формальді қалыпта шағын бизнес көзі ретінде қалу тиімдірек.

– Үкіметке және «Атамекен» палатасына осы мәселе бойынша ұсыныс енгізіп, нақты іске көшуді тапсырамын. Жолдауда заңнамаға шағын кәсіпкерлік субъектілерін ірілендіруге ынталандыратын өзгерістер енгізуді тапсырдым. Салық шаралары, тексеруші органдардың тарапынан жүргізілетін тексерулерге белгілі бір иммунитет қалыптастыру, сондай-ақ, мамандандырылған қолдау құралдары мен мемлекеттік тапсырыстарға қол жеткізу осы ынталандыру шараларының қатарына кіруге тиіс, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Сауалына сарабы

Демек, мемлекеттік қаржылық қолдаудың ерекше шараларын ұсыну жолымен қалыпты салық режимінде жұмыс істейтін бизнес үшін мемлекеттік теңдестіруге жеңілдікпен қол жеткізу мәселелерін әбден пысықтаған абзал. Себебіне зер салсақ, отанымызда ешбір қиындық атаулысына қарамастан, қолдаусыз-ақ табысты дамып, экспорттық нарық алаңын икемді игеріп жатқан бірнеше жүз ғана орта кәсіпорын бар. Түсінген жан олардың көпшілігі мүлт кетпес мониторинг шараларынан, сонан соң сансыз сөзбен құзыретті органдардың қудалауынан қорқып, мемлекеттік көмектен саналы түрде бас тартқан. Яғни, ет пен сүйектен жаралған кәсіпкер әлі де болсын, барынша сақтанып жүретіндігін жасыруға келмес, әрине.

«Сонда қайтпек керек?» деген заңды сауалдың жауабын межелі мерзім өткен соң Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысында тапқандай болды. Отырыс барысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарады. Аталған заң кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіруге және бизнесі дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін әзірленді. Басты міндет бизнеске әкімшілік жүктемені азайту және негізсіз кедергілерді жою екенін атап өткен жөн. Одан бөлек, мемлекеттік бақылау мен қадағалау тәртібін реттейтін нормалар қайта қаралды.

Сенаторлар заңдағы новеллаларды концептуалды тұрғыдан қолдай отырып, оның жекелеген ережелеріне бірқатар түзету енгізуді ұсынды. Сондай-ақ,



Коллаж жасаған Е.Кеңесбекұлы



## Реформа – өміршең өзгерістер

рылған кең тынысты жұмыс мен мұндалап тұр.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген түзетулер шеңберінде 190 қызмет түрі бойынша бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға дейін төмендету бойынша өңірлермен жүйелі жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде бөлшек салық бойынша салық төлеушілердің саны 6 есеге, ал, бюджетке салық түсімдері 18 есеге өсіпті. Быыл қаңтардан бастап, бөлшек салық бойынша қызмет түрлерінің тізбесі 190-нан 364-ке дейін кеңейтілді. Көпшілігі мәйекті еткені осы деректер. Бұл жаңашылдық кәсіпкерлік белсенділікке оң әсер етіп, бизнеске салынатын салық пен әкімшілік жүктемені азайтады. Ең тиімді және сұранысқа ие құрал – субсидиялау құралы. Оны кәсіпкерлердің 65%-ы (3,6 мың жоба) пайдаланды. Салалық бөліністе қарасақ, жобалардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібіне тиесілі – 25% құраса, сауда – 20% және көлік 15%-ды құрайды. Кәсіпкерлердің несиелік қорға қолжетімділігін кеңейту мақсатында кепілдік беру тетігі іске асырылуда. Бұл бойынша 400-ге жуық жоба қаржыландырылды.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерде тұратын жастарға, байыпты бизнес жобаларға 2,5% жеңілдікпен шағын несие беру аясында 1 мыңнан астам жоба шағын несиелендірумен қамтылды. Экономиканың басым секторларында монокалалар мен облыс орталығының кәсіпкерлері үшін «Кәсіпкер» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасын қаржыландырудың жалпы көлемі 1,5 млрд. теңгені құрап, бұл қаражатқа 41 жоба қаржыландырылды. Жобалардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібі саласына тиесілі, жеңілдікпен несиелеу есебінен лак-бою өнімдерін, темірбетон конструкцияларын, кондиционерлерді, жал еткізгіш пен тамақ өнімдерін өндіру өндірісі кеңейтілді. Бағдарламаны іске асыру есебінен сервистік салаға серпін әкелді.

## Бизнеске бізден не керек?

Қаржылық емес қолдау да бизнес үшін сұранысқа ие. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 2,7 мыңнан астам кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар жұртшылыққа 9,5

Қарағанды облысы шағын және орта бизнестің, әсіресе қызмет көрсету, бөлшек сауда және құрылыс саласында белсенді өсім деңгейін көрсетуде

Мәселен, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 6,6%-ға өсіп, 99 190 бірлікке жеткен. Әрі осындай көрсеткіштің өсуі облыстың барлық өңірлерінде байқалады

ШОБ субъектілері 1,9 трлн. теңгеге өнім шығарып, қызметтер көрсетті

Жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 19,7% құрады

19%  
Биыл қаңтардан бастап бөлшек салық бойынша қызмет түрлерінің тізбесі 190-нан 364-ке дейін кеңейтілді

Кәсіпкерлердің несиелік ресурстарға қолжетімділігін кеңейту және қамтамасыз ету мақсатында кепілдік беру құралы іске асырылуда, ол бойынша 400-ге жуық жоба қаржыландырылды

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 2,7 мыңнан астам кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа 9,5 мың ақпараттық-консультациялық офлайн қызмет көрсетті

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауылдық жерде тұратын жастарға және бизнес жобаларға 2,5% жеңілдікпен шағын несие беру басталды

құжатты Мәжіліске жіберу туралы шешім қабылдап, заңды жаңа редакцияда мақұлдады. Сенат депутаттары енгізген өзгерістер заңның жекелеген нормаларын реттеуші саясаттың қағидағдары мен тәсілдеріне сәйкес келтіруге, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын шекті сауда үстемесін қолдану тәртібін белгілеуге, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарын атаулы қолдауды ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыруды іске асыру тәртібін қарастыруға және өңдеуші кәсіпорындарды отандық шикізатпен қамтамасыз етуді жетілдіруге қатысты болып отыр.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде кәсіпкерлік саласындағы

заңнаманы жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бүгін палата депутаттары осы бағыттағы заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын мақұлдады. Енгізілген түзетулер арқылы кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңның кейбір нормалары бизнестің және қоғамның мүдделерін ескере отырып өзектендірілді. Алдағы уақытта бұл нормалар елімізде бизнеске арналған заңдарды қолдануды барынша жеңілдетуге және кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз, – деді Сенат Спикері.

## Ой мен өрдің арасы

Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытудың тарихи контексті 1991 жылға дейінгі кезеңде Кеңес заманынан бермен экономикасы орталықтандырылған және жоғары сыр сипатта өрбіді. Яғни, біздіңше бизнес оның қазіргі дәп мағынасында іс жүзінде жоққа тең болды десек, сыңға қалармыз да қәдік. Өйткені, экономиканың негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы, пайдалы қазбаларды өндіру және индустрияландырумен шектелді.

Содан соң 1991-2000 жылдар. Өтпелі кезең. КСРО-ның ыдырауы, ендігі Егемен Қазақстан эко-

– Жалпы алғанда, Қазақстанда шағын және ірі бизнес үшін өте жақсы жағдай жасалған. Ірі бизнес орнықты дамып келеді және табысы мол. Ол үшін мемлекеттік саясат қолданыстағы ережелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуі, фаворитизм мен бәсекеге қабілетсіз тәжірибелердің болуына жол бермеуі маңызды. Бұл бағытта белсенді жұмысты жалғастырамыз, – деді Президент.

номикасында түбегейлі өзгерістерге жол ашты. Жекешелендіру басталып, бұл жеке сектордың дамуына серпін берді. Міне, осы тұста алғашқы шағын және орта бизнес (ШОБ) пайда болып, заңнаманың тұрақсыздығы және инфляция сияқты көптеген қиындықтарға тап болды. Ал, кәсіпкерлікті дамытудың қазіргі кезеңі деп, 2000 жылдан осы уақытқа дейінгі аралықты жатқызыр едік.

2000-2010 жылдар. Тұрақтылық және өсім. Ел экономикасы тұрақтана бастады, бұл кәсіпкерліктің белсенді дамуын бастауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік несиелер мен субсидиялар сияқты бизнесті қолдаудың әртүрлі бағдарламалары енгізілді. Онымен қоса, туризм және қызмет көрсету саласы сияқты соны салалар бас көтерді. 2010 жылдар экономиканы әртарапандыру мерзімі десек жарасар. Қазақстан мұнай мен газ экспортына тәуелділікті азайта отырып, өз экономикасын әртарапандыруды қолға алды. Мемлекет ШОБ-ты дамытуға, әсіресе, инновациялар мен технологиялар секторларында қолдауды жалғастырды. Қазақстандық өндірушілердің өнімдерін экспорттауды қолдау бағдарламалары енгізілді. 2020 жылдар. Цифрландыру және тұрақты даму. Соңғы жылдары Қазақстан экономикаға цифрлық технологияларды белсенді енгізуде, бұл бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Тұрақты дамуға, жасыл технологиялар мен инновацияларға баса назар аударылады. Электрондық коммерцияның дамуы кәсіпкерліктің өсуінің негізгі драйверлерінің біріне айналды.

## Арқа асуында

Облысқа оралсақ, кенді өңірдің тарихи маңызының өзі көп жайды аңғартады. Кейінгі жылдары Қарағанды өлкесі шағын және орта бизнестің, әсіресе, қызмет көрсету, бөлшек сауда және құрылыс саласында белсенді өсім деңгейін көрсетуге қауқарлы. Бизнеске арналған жаңа мүмкіндіктерді тілге тиек етер болсақ, жылма-жыл шағын және орта кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігінің өсуін атап өтсек болар. Мәселен, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 6,6%-ға өсіп, 99 190 бірлікке жеткен. Әрі осындай көрсеткіштің өсуі облыстың барлық аймақтарында сезіледі. Жыл соңына таман ШОБ-та жұмыспен қамту 5,1%-ға, атап айтсақ 237,1 мың адамға дейін ұлғайып, аймақтағы жұмыспен қамтудың 43%-дан астамын қамтамасыз етті. ШОБ субъектілері 1,9 трлн. теңгеге өнім шығарып, қызметтер көрсеткен. Жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 19,7% құрады. Бұл сандардың артында қолайлы бизнес ахуал құру мен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша атқа-



Сурет шыққан жері: Алматы



Ақын, журналист Серғазы Қабылдаулы – 70 жаста

## Қоғамды бағалаудан қорықпаған

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында бәріміз Кеңес Одағы деген мемлекетте өмір сүріп жаттық. Сол ортадан журналист боламыз деп талпынған 50 қыз-жігіт Қазақ мемлекеттік университетінің тиісті факультетіне түстік.

Мақсат – журналист болып газет-журналда, радио-телевидениеде қызмет ету. Міндет? Онда міндет біреу – социализмді кемелдендіріп, коммунизм атты табалдырықтан аттағалы тұрған қоғамды дәріптеу.

Мемлекеттің бүкіл ақпарат құралдарына қойылатын осы талаптың аясынан шықпайсың. Шығу ойда да жоқ. Тек сол тұста алыстағы Мюнхеннен хабар тарататын «Азаттық» немесе жақын шекараның іргелес ауылдарына толқыны жетіп тұратын Қытай радиосы ғана Кеңес Одағы мен оның басшылығының саясатын аяусыз сынап жататын.

Қазақстанның әр аймағынан талаптың тұлпарын мініп, бірінші курстағы аудиторияға алғаш басы қосылған 50 қыз-жігіттің ортасынан басқаларға қарағанда өзгеше ойлайтын жалғыз жан шықты. Ол «екі естілер елінде өмір сүріп жүрміз» деді. Мұны естіген кейбір студенттер «бұның өзі екі есті шығар» деп күлісті.

Талай уақыттан соң кезінде күлгеннің бәрі шындығында өткен ғасырдың жетпісінші жылдары екі есті қоғамда өмір сүргенін мойындады. «Екі есті» деген – бір жағынан санада тұратын қазақ ұлтының дәстүрі мен салты, тілі мен мәдениеті, ал, екінші жағынан орыс тілді совет халқының жаппай насихатталатын өмір салты еді. Екі есті болудың – дүбара болу екенін елу студенттің ішінде жалғыз пайымдаған Серғазы Әбдібеков болатын.

Арамызда мемлекет қауіпсіздігі комитеті үшін тыңшылықпен айналысқан ешкім болмағандығынан шығар, Серғазының бұл сөзі аудитория айналасынан шыға қоймады. Болмаса «ЕСЕП» партиясын құрған жерлес ағалары Бүркіт Ысқаков, Кәмел Жүнісов, Зейнолла Игілікөв сияқты пәлен жылға айдалып кетері анық еді.

«Екі естілер қоғамын» келеке еткен Серғазы бірінші курстан соң аудиториядан емес, сырттай оқу қажеттігін түйсінді. Ортамыздан ойысып қоғамнан өзгеше ойлайтын ағалары шыққан туған жеріне, Қарағандының Шет ауданына қайтты.

Ал, арада он бес жыл өткенде 1991 жылдың соңынан бастап Қазақстан аумағының тұрғындарының дені бұған дейін шындығында екі естілер елінде өмір сүріп келгендерін кеш те болса түйсінді.

Қайнар ОЛЖАЙ,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

## Дархан даласының жыршысы



Суретте Серғазы Қабылдаулы қаламгерлер ортасында

Біз, оның замандастары, таңғы шықтай мөп-мөлдір жырларына сусынымызды қандырып келеміз. Несін айтасыз, құмарымыз қанғанша оқимыз. Жан дүниеміз рахат бір күйі кешеді. Ол мынау жазира дархан даласының әрбір қарыс қадам жерін, орман-тоғайын, тау-тасын, мөлдір бұлағын, аң, құстарына дейін жырға қосып, оны қазақы болмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызбен ұштастыра, сабақтастыра жырлайды-ау!

Ақын, журналист Серғазы Қабылдаулының кіндік қаны тамған өлкесі де шежіреге бай. Сондықтан ба екен, жас кезіндегі өмір, тұрмыстық суреттерді көгендей тізіп, көз алдына моншақтатып алып келеді. Біраздан бері оқып келеміз дедік қой. Дегенмен, Секең әу баста анасынан ақын болып туған. Туған даласының жыршысы болып қалыптасқан, бірақ, замандастары кеш көрді, жырларын кеш оқыды. Бұл жағынан Секеңнің өзі де ештеңе айтпайды. Соңғы жылдары ғана оның талантты лирик ақын екенін, табиғат тамыршысы, табиғат жыршысы екенін сөзсіз мойындадық.

Адам жанын, табиғат жаратылысын дөп басатын жырларын ешқайда ұсынбапты. Мына әлеуметтік деген жақсы болды, сол арқылы жырларымен таныстық. Секеңнің шығармашылығына еліміздің түпкір-түпкірінен сәлем хат жолданып, игі тілектерін жеткізеді. Оның жырларына жүрекжарды ризашылығын білдіріп, алғысын алқандай жаудырады. Демек, ақын жыр оқырманның рухани олқылығын толтырып, жанына жақұт бергені ғой. Кейде ойлаймыз, Секең осы жырларының басым бөлігін ертеден жазып, ешкімге көрсетпей, жинақтап жүрді ме екен?! Неге жариялауға асықпады? Бүгінгі таңда жетпістің желкенін керіп отырған Серғазы құрдасымыздың бұған дейін бірде-бір жыр кітабы, не журналистік

еңбегі жарық көрмеді. Негізі Секең асықпайды, сабырлы, салықалы. Ел көшіп кетсе де, Секең сабырға жеңдіріп, үнемі ой толғағын кешеді.

Бір сәт Секеңнің жырларына кезек берейікші. Мынау «Мойындау» деген өлеңі.

Қымыз ішіп, әжем піскен күбіден.  
Кетуші едік дала кезіп, күнімен.  
Балалармен ойнасам да асықты,  
Білмеуші едім бүгі қайсы, шігімен.

Дорбасымен асығымды ұтқызып,  
Ұтылғанда сақамды да тігіп ем.  
Балтырымды қарағанға қанатып,  
Балағымды түрмес жерде түріп ем.

Бала болған сияқтымын қиялы,  
Тірлігінің бірі артық, бірі кем.  
«Үлкенсің ғой!» деп ұрысатын әжем де,

Жаға жырттып, төбелесем ініммен.  
Мойындаймыз, балалық шақ, бал дәурен басымыздан өтті ғой. Секең сол бір ессіз балалық кезеңді айна қатесіз сөзбен сурет салып, жан дүниемізге жақындата түседі. Шұрықпаған жылқы, желіде ноктаға басы сыймай аласұрып, шұлғып тұрған құлын, жайлау көрінісі Секеңнің лирикалық жырлары арқылы қазақ ауылын, болмысын көз алдына алып келеді. Осы жырдың соңғы жағын оқыық.

Тоқтамадым, келсе-дағы тоқтағым,  
Әрбір сәтін жырдай қылып жаттадым.

Тазалықты балалықтай мөп-мөлдір,  
Іздесем де ешбір жерден таппадым!...

Ақынмен бірге балалық шағыңды сағынасың, қайта оралайтыңын білсең де сағына берсең. Өйткені, ол адам өмірінің бастауы, тың соқпағы, жарқын болашаққа деген ізгі ниеті сол балалық шақтан бастау алады. Мұны сіз де мойындарсыз, құрметті оқырман!

Секеңнің жырларында салт-дәстүріміз ерекше орын алады. Оқи кетсеңіз болды, ауыл ішін аралап жүре берсеңіз. Анамызға еріп, атты адам көрінбейтін шилі өзеннің жағасынан ши тартқанды қалай ұмытарсың. Ши тоқып, шүберекке оралған жудырықтай тастардың сырылы жаныңдан өшпеген шығар. Ал, ауылдық жерде көктем шыға киіз басу науқаны басталады.

Ақынның «Сырмақ» деген өлеңін оқып көрелік. Төрде жатқан сырмаққа көзі түскен немересі атасынан «мынау не?» деп сұрайды. Әрине, жауап беру керек. Жауап бермесіңе немерең жаныңды қоя ма?

Жауаптан мен қашпадым,  
Сөзді әріден бастадым.  
Өзім көрген тірлікті,  
Айтудан әрі аспадым.

Бояуы оттай жанатын,  
Көздің сұғын алатын,  
Кезінде бұл сырмағың,  
Көз жасауы болатын.

Ыстық суды себетін,  
Шиге салып тебетін.  
Бала біткен шуылдап,  
Сондарынан еретін.  
Барын алға тосатын,

Ауыл шашу шашатын.

Бағымда киізді,

Балам, солай басатын.

Қазір киіз басу қайда, бар ма екен, ауылда, мұндай қымбат қазынамыз сақталып қалды ма? Секең жырларының астарында бабалардың көзіндей, әжелердің өзіндей болған сол бір дәстүрді ұмытпау керектігі, жаңғырта отыруды қажет ететіндігі байқалады.

Секеңнің «Бұзау немесе немере» атты өлеңін оқыық. Бұзау іздеуге шыққан сәттері баяндалады. Бәріміздің де басымыздан өткен шақ.

Қарайған бұзау болып көрінеді,  
Қызыл іңір перделей керіледі.  
Батқан күннің шапағы көкжиекте,  
Түрлі-түсті кілемдей өріледі.

Қараңғыда мәлікті көп іздеп ем,  
Ессесіне әйтеуір емізбегем.  
«Қайда жүрсін бұзауды  
жамыратып»,  
Деген сөзді шешеме дегізбегем!..

Сондағыдай қараңғы қоюланып,  
Бүгінде күн батқанды оюланып.  
Немеремді келемін іздеп енді,  
Өткен күнді баяғы ойыма алып!..

Балалық шағы ауылда өтіп, қалаға қоныстанған қарияның немересін іздейтіні анық қой. Тіршілік қағидасы, мұны өзгерте алмайсыз.

Ескі ауыл, ескі құдық есімде әлі,  
Бүкіл көрші су ішкен осындағы.  
Күн сәулесі құйылса мөлдіретің,  
Көз жасыңдай тамшылар тасындағы.

Шегені бейне қолдың саласындай,  
Көрмепің өрілген тас

дәл осындай.  
Шілденің ыстығында мұз жататын,  
Түбінде кара көздің аласындай.

Өмірдің диірмені айналдырып,  
Біз кеттік бетімізге сайран құрып.  
Ауылдан ел көшкенде көтеріле,  
Ескі жұртта қалып ед қайран құдық...

Тағы да көз алдыңызға қазақ ауылы келеді. Бала күнгі көріністі қуатты жырға арқау етіп, оқырманға ұсына білуі қандай ұтымды еді. Арасында тұтқиылдан балдай екенін, атасының басынан сипап, бір сәт дем алып отырғанын жеріне жеткізе суреттейді. Бәріміздің де басымыздан өткен болар, бірақ, Секең ақын жүрегімен иландыра жазып, оқырманын ой бесігіне бөлеп тастайды.

Замандасымыз Серғазы Қабылдаулының жырлары жайлы осы тұрғыда аз-кем әңгіме қозғалдық, әрине, оқырманы ретінде. Секеңнің өзі туып-өскен дархан даласының жыршысы екенін сөзсіз мойындап, жылы лебіз білдіруді жөн көрдік.

Оралбек ЖҮНІСҮЛЫ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі



Алматы қаласы 1977 жыл курстастармен. Сумка ұстап тұрған Талғат Айтбайұлы, екіншісі марқұм Болатбек Орманов

## Сыршыл Секең

Бірінші курсқа түскеніміз болмаса, біз бір-бірімізді танымайтын едік. Көп ұзамай бізді Алматы облысының Талғар ауданына ауыл шаруашылығы жұмысына алып кетті. Міне, осы тұста кеңірек танысудың сәті түсті. Бірақ байқаймын, курстастарымыз өздерін керемет етіп көрсетуге тырысып бағады. Мына бір ақсары жігіт жұмыстан соң кәстөмін желбегей жамылып, баяғының сал-серілерінше қолына домбыра ұстап, аяндай басып ән айтады. Өзін композиторымы деп дәріптейді. Пионерлер үйінің директоры болған ба? Ал, ана бір көзі сықсиган жігіт күні бойы қыздарға өлең оқудан жалықпайды. Тұманбай мен Қалдырдың, Жарасканның өлеңдерін жатқа оқыды. Өңкей бір таланттар!

Осындай бір қызық күндер аяқталып, Алматыға қайтып, аудиторияда дәріс тыңдауға көштік. Аудиторияға етіміз үйренгеннен кейін кеудемізді жарып бара жатқан дарынымызды байқауға асыға бастадық. Біреулер жазған өлең, әңгімелерін беделді басылымдарға ала жүгірсе, біреулер бөлмелес достарына оқып беріп, енді біреулер Мұхамеджан Сералин атындағы әдеби бірлестікке талқылауға ұсына бастады. Осындай бір кезеңде шығармаларын көрсетуге асықпаған бір адам болды. Ол – бізбен бірге бір бөлмеде тұратын Серғазы Әбдібеков еді. Алғашында біз оны ештеңе жазбайды деп ойладық. Бір күндері барып, ол маржандай етіп қолмен жазылған дүниелерін алдымызға қойды. Апыр-ай, төгіліп тұр-ау, төгіліп тұр! Бір артық-ауыс сөз жоқ. Қара сөзбен жазылған өлең дерсің! Әлі есімде,

«Ақ қайың жылаған түн» әңгімесін оқыған кезде қатты тандандық. Жігіт пен қыз қоспашы тұрған сәтте ақ қайыңның жапырағынан көз жасындай тамшылар үстеріне төгіледі. Әсерлі ме? Әсерлі!

Бірінші курстан кейін Секең сырттай оқуға ауысып кетті. Бірақ бізбен байланысын үзген жоқ. Менің алғашқы әңгіме «Жалын» альманағында жарияланғанда құттықтап хат жазды. Оның әдеби ортаны іздейтіні байқалатын.

Ол аудандық газетте қызмет ете жүріп, көркем шығармалардан да қол үзбепті. Оған «Шилі өзен, қамыс-ай», «Аспан асты еліне ат ойнатқан Оспан батыр», «Батырдың бір өкініші» кітаптары күз. Әлеуметтік желіде жарияланған өлеңдері де жаныңды баурайды. Мына «Ескі құдық» өлеңіне көз салайықшы:

Сол құдықта қасиет бардай еді,  
Суы тұшы, дәмі ішсең балдай еді.  
Атамыз басымыздан бір-бір сипап,  
Отырғаны демалып қандай еді!  
Көз алдына балалық шақ келеді. Қайта оралмас сағынышты күндер. Өлеңді қаламгер былайша аяқтайды:  
Сол құдық қолың бұлғап шақырғандай,  
Көңілді қалың мұңға батырғандай.  
Қауғасымен су тартып атам әлі,  
Ескі құдық басында отырғандай.  
Сағынышыңды басып, ескі құдық басына бір барып қайтқың келеді!

Бүгінде жетпіс жасқа толып отырған досымызға зор денсаулық, шығармашылық табыс және үй ішіне амандық тілеймін!

Сәбит ДҮЙСЕНБІЕВ





Сергазы Қабылдаұлы – ақын, журналист. Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Ұзақ жылдар бойы Арқа журналистикасын дамытуға сүбелі үлес қосты. Бұрынғы «Ильич туы» кейінгі «Заман» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарған.

Баспасөзде өзекті мәселелерді көтере жүріп, өлеңнен қол үзген жоқ. «Шуағыңа сенің жырлыңдым» жыр жинағы мен «Туған жердің түні» кітабы сөзімізге дәлел. Жақында баспадан «Бейнең қалды көзіңнің шарасында» атты жыр жинағы жарыққа шықты.

Атақ пен мансапқа қызықпай, жазуға, өлеңге адал бола білген Сергазы Қабылдаұлын мерейлі 70 жасқа толуымен құттықтай отырып, оқырман назарына өлеңдер топтамасын ұсынып отырмыз. Мархабат!

РЕДАКЦИЯДАН

## Сергазы ҚАБЫЛДАҰЛЫ

# Айналып «Ескі ауылға» Қайта келдім...

Аңызак кезіп даланы,  
Аптап тілмен жалады.  
Күннің ыстық лебі,  
Шекеден өтіп барады...

**Қоңыр**  
Қоңыр тірлік, қоңыр күн,  
Қоңыр кеші өмірдің.  
Әлдилейді жаныңды,  
Қоңыр кеште қоңыр мұң.

Қоңыр аспан, қоңыр түн,  
Қоңыр күйі көңілдің.  
Қоңыр түнде келеді,  
Қоңыр ойға шомылғын...

Төгіледі қоңыр үн,  
Көрінеді қоңыр күн.  
Қоңыр түстен тұрғандай,  
Бүкіл сенің өмірің...

### Балалық пен таба нан

Аяқ-қолын жерге құлап жара ғып,  
Жүретұғын сары масаға таланып.  
Шақырады қолын бұлғап алыстан,  
Қыр астында қалып қойған балалық.

Беті-қолға шикі қаймақ жақтырып,  
Бөтенкесін бір бұрышқа лақтырып.  
Босағадан сығалап тұр балалық,  
Көк шыбықты мініп алып ат қылып.

Жата қалып түнде жұлдыз санаған,  
Тезек теріп әкелетін даладан.  
Көзін қысып жымныңдайды балалық,  
Алақанға салып сары май жалаған.

Пешке жағып жамотынды буылған,  
Бақырға сап әжем бидай қуырған.  
Маған қарап ыржияды балалық,  
Жалаң аяқ, қолы шала жуылған.

Күн желдетіп кетті дала салқындап,  
Көкжиекте от ойнады жарқылдап.  
Атасына кекілінен сипатып,  
Балалығым жатыр үнсіз ән тындап.

Қой түгендеп шарбағына қамаған,  
Әжелері азаматқа балаған.  
Пеш алдында отыр әне, балалық,  
Ыстық нан жеп жаңа шыққан табадан.

Нан дегеннен оқиға еске түседі,  
Бір оқимыз, қары қалың қыс еді.  
Мектебіміз «Жаңа ауылда» болатын,  
Ұмытпасам желтоқсанның іші еді.

Судай жаңа әкеп берген қаладан,  
Мойнымызда бір-бір сөмке жанадан.  
Көрші қызбен барушы едім мектепке,  
Жолымызда ит болатын қабаған.

Көрші қыздың сөмкесінде нан бар-ды,  
Қабаған ит әлде соны аңғарды.  
Жетіп келді азу тісін ақситып,  
Сөмкедегі нанды беріп жан қалды.

Қыз шешесі білмегені анық-ты,  
Қабаған ит бізге солай дөңкіті.  
Өзі жеп жүр деп ойлаған шешесі  
Сөмкесіне бір таба нан салыпты.

Тәтті нанды өлсе тастап кетпек пе,  
Дөңкіккен ит бізді айналып өтпек пе.  
Үзіп алып итке тастап, қалғанын  
Өзіміз жеп жетуші едік мектепке.

Тікірейтіп құлақтарын қараған,  
Көшеден бір итті көрсем қабаған.  
Қыр астында қалып қойған баяғы,  
Еске түседі балалық пен таба нан...

### Көктем

Үздіктіріп, үзілтіп,  
Сыбызғысын сызылтып.  
Түкті кілем тәрзіді,  
Дидарын мың құбылтып.

Жібектей боп желбіреп,  
Еміреніп, елжіреп.  
Шуақ төгіп жып-жылы,  
Екі көзі мөлдіреп.

Төбесінен нұр құлап,  
Ақтарылды жыр-бұлақ.  
Моншақтай боп шашылған,  
Шықты сүйіп тұрды бақ.

Аспан асты айнадай,  
Жердің жузі жайнады-ай!  
Күн сәулесін төгіп тұр,  
Кірпіктері найзадай.

Құпия бір сыр ашып,  
Көкжиекке ұласып.  
Ұмындырып, ұстатпай,  
Кетті сағым қыр асып.

Ақ қайыңды айқабақ,  
Самал сүйді аймалап.  
Жапырақтың бетінен,  
Тамшы түсті тайғанап.

Кері қуып күдікті,  
Өбектеді үмітті.  
Көктем келіп керімсал,  
Жер-Ананы жібітті.

### Қыдырып баққа келем

Қыдырып баққа келем,  
Оқимын аппақ өлең.  
Үн-түнсіз қалың ойға,  
Тыңдайды батқан әлем.

Тыңдайды құлақ түріп,  
Ақ бұлақ жылап-күліп.  
Ағады жағасына,  
Тамшысын лақтырып.

Қол бұлғап ертегі елі,  
Самалы еркеледі.  
Жайқалып жапырағы,  
Тыңдады тал-терегі.

Ақша бұлт араласқан,  
Тамсанып қарады аспан.  
Жырымды тау тыңдады,  
Желік жел ала қашқан.

Қыдырып баққа келем,  
Оқимын аппақ өлең.  
...Тыңдайтын өзің жоқсың,  
Айды да ап берер ем...

### Ай туды

Ай туды,  
Айналасы қаймақтанып,  
Сүт-Сәуле  
Кезіп кетті сайды ақтарып.  
Шарбы бұлт  
Қаз бауырын нұрға малған,  
Қияға  
Қонақтады жайлап барып.

Басылмай  
Құс жолының тозаңы әлі,  
Байғыздың  
Үні түнді мазалады.  
Төбесінен  
Төгілген Сүт-Сәуледен,  
Омырауы  
Орманның бозарады.

Өлемнің  
Кербез сұлу айқабағы,  
Жартастың  
Жотасынан аймалады.  
Жанарынан  
Мөлт еткен мөлдір Сәуле,  
Аспаннан  
Жерге қарай тайғанады.

### Дала көркі

Ақша бұлт, көк аспан,  
Күре жол бел асқан.  
Керіліп биік шың,  
Аспанмен таласқан.  
Сырласып тал-терек,  
Жайлауы жарасқан.

Шабндық миялы,  
Бой салған қияғы.  
Шалғының жүзі өткір,  
Сырылдап қияды.

Сайдағы сасыры,  
Белдегі басыры,

Жусан мен бидайық,  
Шөптің кіл асылы.

Қаракат, бүлдірген,  
Майысып тұр бұрген.  
Көбелек көлендеп,  
Ойнайды гүл гүлмен.

Тобылғы, қараған,  
Шырмауық ораған.  
Селеудің кекілін,  
Самал жел тараған.

Даланың гүл өңі,  
Құлпырды реңі.  
Қызылы, сарысы,  
Әппағы, күреңі.

Сылдырап бұлағы,  
Жартастан құлады.  
Тербелді желменен,  
Желбіреп құрағы.

Боз таңды қарсы алып,  
Бозторғай ән салып  
Даланың көркіне,  
Отырдым тамсанып!

### Мұнар маңып барады

Ала бұлт аспан, таң жарық,  
Қарайды таулар панданып.  
Құйындай жүйткіп жел өтті,  
Адасып жүрген сандалып.

Шидің бойын шырмауық,  
Шашағымен тұр жауып.  
Сайдың салқын ауасы,  
Бу боп ұшты қырга ауып.

Көкжиекті жалқындап,  
Жерге түсті алтын дақ.  
Шөп басында таңғы шық,  
Күн нұрымен жалтылдап.

Мұнар маңып барады,  
Бұқараның бөзіндей.  
Күн күлімдеп қарады,  
Сенің нәркес көзіндей!..

### Бөрік

Пұшпақ бөрік,  
Күннің көзі ыстаған,  
Бедері бар  
Көк шұғаның тыстаған.  
Мандайының  
Тері сінген атамның,  
Талай рет  
Әжем қолмен ұстаған.

Қырқылса да  
Жигегінің пұшпағы,  
Жыртылса да  
Тозып әбден тыстары.  
Қасиетті  
Бұйымдай ғып кастерлеп,  
Іліп төрге  
Анам күтіп ұстады.

Қалмаса да  
Көк шұғаның өрнегі,  
Биік жерде  
Тұрушы еді төрдегі.  
Тердің иісі  
Бұрқырайтын жұпардай,  
Ерекше бір  
Нұрға бөлеп бөлмені.

Балалықтың  
Бал дәуренін кештік біз,  
Сол бөрікті  
Көзбен көріп өстік біз.  
Тәлімі мен  
Тәрбиесі бір төбе,  
Әжеміздің  
Өңгімесін естіп біз.

Төбелестік,  
Жықтық және жығылдык,  
Үлкендердің  
Билігіне жүгіндік.  
Төрте тұрған  
Көріп пұшпақ бөрікті,  
Қасиеттің  
Не екенін ұғындық.

### Түнгі жауын

Найзағайы жарқ етті үн шығармай,  
Тау артынан тағы бір күн шығардай.  
Желп еткізді түнгі жел баяу ғана,  
Түбіт бұлттың етегін жыртып алмай.

Түнгі дала тып-тыныш бола қалды,  
Найзағай-шам жарқ етіп жана қалды.  
Селт еткізіп қайыңның жапырағын,  
Тамшылары алғашқы тама қалды.

Түнгі жауын үн-түнсіз жауды есіле,  
Қарауытып көрінді тау көсіле.  
Көкжиекке түбіт бұлт құлап кетті,  
Найзағайдың ілесіп сәулесіне.

### «Ескі ауыл»

...Апырым-ай, бұл баланы қайда көрдім,  
Деп іштей өзіме-өзім айта бердім.  
Соңынан ілесем деп сол баланың,  
Айналып «Ескі ауылға» қайта келдім...

«Ескі ауыл» ертеректе еңселі еді,  
Жобасы бір перменің өлшемі еді.  
Төрт түлігі өріске сыймай жатқан,  
Шіркін-ай, сол кезін сен көрсен еді!

Ерте көктем егіске түрен салған,  
Қамба толы жыл сайын астық алған.  
Еркің білсін сенсең де, сенбесең де,  
Ертеде «Ескі ауылда» мектеп болған.

Жастары оза шапқан қатарынан,  
Қарттары жаңылмаған мақамынан.  
Қазақы бір ісі аңқып тұршы еді,  
Ауылдағы шалдардың шапанынан.

Көрсетіп су төгілмес көсемдігін,  
Сұрасқан бір-бірінің барлығын да,  
Көз ұйқыға кеткенше тындап өстік,  
Қазақтың ертедегі шешендігін.

Ескертетін малшыны шақырып ап,  
«Шабндықты тапталтың  
жапырып-ақ!»  
Шешетін мәселенің барлығын да,  
Осы шалдар шәй ішіп отырып-ақ!

Көрінбеді сол бала, мойын созғам,  
Шалдар да жоқ батағой, ауыл тозған.  
Төмпешік боп мектептің орны жатыр,  
Әліппе оқып, әпкеміз жазу жазған.

Демеймін бірдеңені мықтай қойдым,  
Не құдірет екенін ұқпай қойдым.  
Туған жердің тартылыс күші бар-ау,  
Айналып «Ескі ауылдан»  
шықпай қойдым...

### Тамыз таңы

Даланың оты қашқан,  
Бұлтты көп, қотыр аспан.  
Шығыстан шырайсыздау,  
Білінді қотыраш таң.

Жапырақ тамады үстен,  
Күлшедей шала піскен.  
Демінен бу шығады,  
Шатқалдың шалап ішкен.

Көрінбей күн шуағы,  
Сұр бұлтқа тұншығады.  
Қайыңды жүдеп тұрған,  
Суық жел шымшылады.

Бұлқынған бұлақ бар-ды,  
Жазды аңсап жылап қалды.  
Табанға тұман түсті,  
Құшақтап құрақ-талды.

Көк күшік қыңсылады,  
Үнінен мұң шығады.  
Естілді өзен жақтан,  
Құстардың сыңсығаны.

...Даланың оты қашқан,  
Бұлтты көп, қотыр аспан.  
Шығыстан шырайсыздау,  
Білінді қотыраш таң...

### Шеше

Маңайы «Ескі ауылдың» ала-құла,  
Шн өскен «Арқар төбе» балағына.  
Бұзау іздеп жүргенде «Жарықбастың»,  
Тікені кірген талай табаным.

Жас бұзаулар білмейтін «Өк!» дегенді,  
Қуалаумен өшетін өкпен енді.  
Ағараңдап жаулығы отыратын,  
Әжем іс қып, жеткізіп жетпегенді.

Намазға тұрады атам ала таңда,  
Шешеміз жем шашады балапанға.  
Отырушы ек шапанға оранып ап,  
Сары май жалап салып ап алақанға!

Мың құбылтып бозторғай ән салатын,  
Құлақ түріп әжеміз тамсанатын.  
Отын жағып пешіне даладағы,  
Шешеміз табасына нан салатын.

Атам мен арқаланып әжемізді,  
Керек қыла қоймаушы ек шешемізді.  
Балалық-ай, қарадық аспазшыдай,  
Дайындап беретұғын көкемізді.

Өзгерген «Ескі ауылдың» өңі мүлде,  
Болмағандай ештеңе өңірінде.  
Жеңгеміздей боп кеткен шешеміздің,  
Тек бейнесі қалыпты көңілімде...

### Іңір

Сүт сәулесі көкжиекті көмкеріп,  
Ай қарады жерге көзін төңкеріп.  
Іңір түсіп келе жатты жәй ғана,  
Ақ далаға қарабарқын өң беріп.

Қараша үйде күмбірлеген күй тынды,  
Мақпал кеште самал есті сүйкімді.  
Оқыранды құлынына тор бие,  
Тауға қарап жағы талмай ит үрді.

Шолп еткізіп судың бетін жәй жатқан,  
Құрылдады құрбақалар сай жақтан.  
Төр алдында шаршап жатыр созылып,  
Қара бала күні бойы қой баққан.

Шарбы бұлттар баяу көшкен үркінді,  
Биік құздың алқымына іркілді.  
Қарауытқан қалың ағаш тұсынан,  
Қорқынышты дауыс шықты бір түрлі.

Сүт сәулесі жердің бетін сүйіп тек,  
Ай да кетті көкжиектен биіктеп.  
Бірде - бірде іңір түнге алмасып,  
Қараңғылық жерге түсті ұйып кеп.

...Қас - қағымда қараңғылық қоюлап,  
Түнгі аспанды жұлдыз жапты оюлап...

### Аптап

Шіркейге толып су үсті,  
Бұлдырап көкке бу ұшты.  
Шырылын қойып шегіртке,  
Паналады қуысты.

Көзге тұтып көк перде,  
Сағым түсті бөктерге.  
Төгілді күннің қызуы,  
Шаңқай түсте тепсеңге.

Бақ-бақ аппақ киініп,  
Үлпілдек басы іліп.  
Жотасын тосып тау жатыр,  
Аптапқа ыстық сүйініп.

Қызыл да, жасыл реңді,  
Гүлдері қырдың бір өңді.  
Шақырайған түстегі,  
Күннің көзі күрең-ді.

Бетке ап қойшы суатты,  
Қойын суға құлатты.  
Сайдағы сасыр ұйысқан,  
Сағынып қапты шуақты.

Желбіреп жасыл құрағы,  
Мөлдіреп таудың бұлағы.  
Шұғадай сағым бөктерде,  
Мұнарланып тұр әлі.



• ТАНЫМ

# Тұлғатану теориясының трагедиясы

Біздің қазақта Абайды толық және терең түсініп оқыған жалғыз Шәкәрім Құдайбердіұлы деуге заңды негіз бар. Шәкәрім қажының «Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық» деген сөзі Абайдың адами тұлғасын түзу тануға бастар анық бағалау еді. Бұл ойымыздың растығын Америкадан Ресейге келіп, Сібір жерін еркін аралаған журналист Дж.Кеннанның да сөзі бекітеді. 1885 жылы Сібір сапарынан оралған Дж.Кеннан өзі көрген жайлардың негізінде патша саясатын дағдарған, революционерлерді мадақтаған бірнеше мақалалар жазады.



Коллаж жасаған М.Әбішев

Осы Дж.Кеннан 1891 жылы жарық көрген «Siberia and the Exile System» кітабында Семейге жер аударылған оқығандардың сөздеріне сүйеніп бірінші болып Абайды ғалым деп атайды: «I know a learned old Kirghiz here named Ibrahim Kopobai».

Журналист қолданған ағылшынның «Learn» етістігі арғы неміс тілінен көне ағылшын тіліне көшкен «leornian» сөзінен шыққан, соңғысы өз кезегінде арғы немістің «lizojan» сөзінен, бұл сөздің негізгі мағынасы – «еру» немесе «жол табу».

Бұл дегеніңіз – адам болу, я болмау мәселесі. Еру – біреудің соңынан қалмай бірге жүру, ілесу, бағыну. Жол табу – адаспай, тура іздену.

Қазақ мүддесіне адал қызмет етер дұрыс жолды Абай жиырма бесінші кара сөзінде жақсы тарағанды: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілің, оқуың, ғылымың білмең керек. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Лекин (бірақ) осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдасам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес».

Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыздық қорлығына көнбес едік.

Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек».

Абай көзімен қарап отырсаңыз, қазақ қоғамында бір-біріне қарама-қарсы екі ниет қатар тіршілік етуде. Бірі – орыс ғылымын баласына үйретіп, соның қаруымен тағы қазақты аңду. Екіншісі – ғылымды дамыған ел қатарлы халық, ұлт болуға ұмтылуы.

Қайтпек керек? Бірінші топқа ілесіп, соның соңында болу, көну ме, бағыну ма? Әлде, адаспай тура ізденіп, қазаққа күзетші боларлық жол табу ма?

Абай халықты бірлікке бастар жол тауып, адал еңбек қылу ісіне үйретуді, үйренушілер қатары көбейсе, заңсыздық пен құқықтық тәртіпті бұзушылыққа көнбес едік деп отыр.

Абай адал еңбек қылудың қатарына оқу, білім алу, ғылымды үйрену ісін де жатқызды. Осы кара сөзінде Абай орыс-

ша оқып жатқандарды оқымаған қазақ баласымен салыстыра отырып сипаттайды: «...Өзге қазақ баласынан артық үйренгені менеме, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ».

Оқу ісінде адал еңбек етуге теріс ықпал етер себептерді де атап өтуді Абай ұмытпапты: «Орыстан оқыған қазақ балаларынан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын туганы, бір жағынан, бұзып жатыр».

Жастардың басын ғылым ісінен бұрғызып, бұзық жолға салып жіберудің бір мысалын, бір кездері Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке үлкен себепші болыпты-мыс делінетін Е.Михаэлис ісінен табасыз.

Бұл Михаэлистің Абайдан 4 жас үлкендігі бар, Петербургтің тумасы, гимназияда, лицейде оқыған. Петербург университетінің физико-математика факультетінің жаратылыстану бөлімінің III курс студенті кезінде апасы мен жездесінің революциялық сөздеріне еріп, тәртіп бұзып, білім, ғылымнан айрылған. Ол 1861 жылдың күзінде үкімет заңына қарсы шыққаны үшін оқудан қуылып, астананың жанындағы Петрозаводск қаласына жер аударылды.

Ессіздіктің екпінмен кете барған, әділет ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылымы жоқ, өздері де жете танып білмеген, болашағы бұлыңғыр идеяны ұстанған ерікпен топтың сөзіне көніп, көзсіз бағынып ойнақтаған жиырма жастағы Михаэлис от басты.

Азғын, аяр сөздің айтағымен алаула-тып-жалаулатып алаңға шыққан жас студент арзан саяси ойынның ойыншығына айналып, құр босқа күйіп кетті, аңғал жан оңбай ұтылды.

Студент Михаэлис қаншама жыл қаражатын, қайратын жұмсап гимназия, лицейде оқытқан, мөпелеп өсірген ата-анасының ақ адал еңбегін еш қылды, ел үмітін ақтамады, ғылыммен қош айтысты.

Студенттер қозғалысын зерттеушілердің дерегі бойынша 1861 жылдары Петербург университетіндегі 1000 студенттің ішінде 360 адам ғана лекция тыңдағаны үшін ақы төлей алатын. Оқу іздеген студенттердің басым бөлігі ке-

дей-кепшік, алыс губерниялардың аш-жалаңашы болса, Михаэлистің әлеуметтік жағдайы жақсы, тұрақты болатын.

Дін көңілі өзге алдамшы нәрсеге ауған шәкірттің шала мейірі шала байқайды, ойсыз орта ғалым болар болашағы бар дарынды жасты адастырып, арандатып тынды. Тура жолды таба алмай адасқан жан оқуды тастап, басы сотты болып, ақыры астананың іргесіндегі Петрозаводскіге жер аударылды.

Шәкірт жігіт Михаэлис мұнда да тыныш жүрмей, полицияның қатаң бақылауында бола тұра, бекітілген ережеге ермей, өз бетімен рұқсатсыз Петербургке кетіп қалады. 1822 жылғы «Жер аудару» уставының талабына көнбеген оны астанадан алыс Тобыл губерниясының Тара қаласына жер аударады.

1869 жылы Михаэлиске анасының ішкі істер министріне жолданған өтінішінің арқасында Семей қаласына көшуге мүмкіндік туады. 1878 жылы полициялық бақылау токтатылған соң губерна-тордың рұқсатымен 37 жастағы Михаэлис облыстық басқарманың шаруашылық бөлімінің іс қағаздарын жүргізушінің көмекшілігіне ілігеді. Бір жылдан кейін ерекше тапсырмаларды орындаушы кіші чиновник дәрежесіне жеткен.

Михаэлистің Семейдегі төменгі дәрежелі чиновниктік қызметі жаңа басталған шақта біздің Абайдың қазақтың негізгі мықты, тұрақты іргелі жақсысына айналған кезі болатын.

Абайдың алғашқы биографы Көктайдың жазуы бойынша Абай 30 жасында барша халық ортасына атағы жайылып, ілікті болды. Бөтен елдің басшы адамдары құла-тамыр болып, жақындық қылып, араздық, жаулық қылмай жүрген.

Абай 15 жаста-ақ, балалық қылмай үлкендерден білімі артып, ел ішінде жұртты аузына қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген.

Абайдың тым ерте есеюінің негізгі себебі әкесі Құнанбайдың 1851 жылы жазылған жалған жаламен істі болуы еді. Абай 1852 жылы ауылдарына арнайы келіп, ата-аналарына тергеу жүргізген Омбылық чиновниктерді де, кезбе ғалымдарды да өз көзімен көріп өсті. Әкесі

Құнанбайдың 1853 жылдың қыркүйегінен 1854 жылдың қарашасына дейін Омбы түрмесінде заңсыз, негізсіз жатқаны бала шәкірттің сана-сезімін тез оятты.

Сондықтан да жас Абай ата намысы үшін алысты, жұлысты, айтысты, тартысты, ашуға да, айлаға да жақты шырақ. Адал еңбек қыла алмай жүрген жамандарға алдырмады, көп наданға көнбеді, өсек сөзге ермеді. Әлді болды, бай болды, ақыл, қайратымен тапқан қаржысын, өзінде барын ортаға, ғылым ісіне көп салды.

Абай әкесі Құнанбайдың төрелермен басшылыққа таласқан тартысты ісін қатыса жүріп, жасынан империя өмірінің де көлденең көзге түсе қоймас құпия қыр-сырын өз мәнінде, терең танып, жетік білген ғалым болып өсті.

Оны біз Абайдың «Онегиннің өлердегі сөзі» атты өлеңінде Онегинді өз орнын таба алмаған жан деп бейнелеуінен көре аламыз.

Отанында Онегин жалғыз емес-тін, ақылмен көңілін тыйып, бойын жеңе алмай, орнын таба алмай адасқан надандардың рас сөзге ор қазып, тор құрды, ел қырды, ақыры түзеле алмай-ақ кеткен топ тым көп еді.

Біздің бағымызға қарай Абайды ғалами ғылымға сай келер ғалым қылған қазақ даласында бағзы заманнан қалыптасқан құқықтық қуатты ой ортасы, адаспай тура ізденген хакімдер мектебі бар болатын.

Сол хакімдердің ісін бала шәкірт кезінен өзінің әр ісінің қазығы қылып алған ақылды Абай таптық, топтық, түрлі-түсті партиялық бір бес күндік мүдделерге ілеспеді, аярлардың азғыруына көнбеді, мақтан мен атақтан ел тыныштығын, татулығын жоғары қоя білді.

Колониялық империяның ғұмыры ұзаққа бармасын таза жүрегімен анық сезген Абай өз ұлтын соқыр еліктеуден сақтандырып: «Қазақ, қазаққа дос бол, адал еңбек қыл!» деп жол шығарған адамзаттық ғалымдыққа қол жеткізді.

Абайға қарата айтқан қажы Шәкәрімнің сөзінің рас екенін ғасыр ғұмыры дәлелдеп бағуда.

Марат АЗБАНБАЕВ

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Жеңіс тұғырынан көрінді

Қарағандыдағы Назарбаев зияткерлік мектебінің тоғызыншы сынып оқушысы Батырхан Мұхтархан Гонконгта өткен ІЕО-2024 халықаралық экономика олимпиадасына қатысып, қола медаль жеңіп алды. Зияткерлік жарыста әлемнің 53 елінен 250 оқушы бақ сынады.

Аялым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Батырхан ІЕО-2024-ке дайындықты наурыз айында бастаған. Құн сайын сабақтан кейін мектепте қалып, қажетті тақырыптар бойынша кітаптарды оқып, мұқият зерделеген.

– Медальға үміттенген жоқпын, өйткені, негізгі тестті нашар тапсырдым деп ойлады. Экранда өз суретімді көргенде, қатты қуандым. Біздің команда мен еліміз үшін мақтандым. Бұл медаль – менің дұрыс бағытта келе жатқанымның дәлелі. Әрі қарай алтынға ұмтыламын. Бұл олимпиадаға тағы үш рет қатыса аламын, – дейді Батырхан.



Оқушының айтуынша, әлемнің 53 елінің үздік оқушыларымен бәсекелесу оңайға соқпаған. Оған халықаралық олимпиадаға дайындалуға экономика пәнінің мұғалімі Жантілек Напталов көмектескен екен.

– Батырхан – жауапты оқушы. Кез келген олимпиадада нәтиженің 70 пайызы оқушының өзіне байланысты. Мен тек бағыттадым, кеңес беріп, қажетті әдебиеттермен, материалдармен таныстырдым. Оның болашағы зор, экономика саласында табысқа жетеді, – дейді тәлімгері Жантілек Напталов.

Қазақстан командасы өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда жалпы командалық есеппе 10-нан астам орынға жоғары көтеріліп, жоғары нәтижелерді көрсетті. Ел құрамасы ІЕО-2024-те бес медаль жеңіп алды. Оның екеуі – күміс және үшеуі – қола.

Осылайша оқушылар әлемдегі мықты командалардың ондығына және бизнес-кейс бойынша жетілікке кірді.

• ӨНЕР ӨРІСІ

# Кенші еңбегіне құрмет

Қарағандыда тағы бір мурал пайда болды. Бұл жолы арт-нысан Костенко атындағы шахтаның әкімшілік ғимаратын безендірді. Авторлары – Урбанистика орталығы және AIR\_G суретшілер тобы. Отбасылық құндылықтарды, сондай-ақ, кеншілердің еңбегіне деген құрметті білдіретін муралды Qarmet АҚ тапсырыспен салдырғанын айту керек.

Салтанат ПИЯИШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Муралда кенші отбасымен, яғни, жұбайы және кішкентай ұлымен бірге бейнеленген. Сурет тұжырымдамасы бірден бірнеше маңызды сәттерді қамтиды. Ең алдымен, бұл отбасылық құндылықтар және жақын адамдар арасындағы байланыс.

– Суретте кеншіні жұбайы мен ұлы жұмысқа шығарып салып тұр. Бұл – отбасының қамқорлығы мен қолдауын, кеншінің еңбегін құрметтеуді көрсетеді. Дулыға мен костюм киген бала әкесінің бойынан батылдықтың үлгісін көріп қана қоймай, мамандыққа деген құрметті мен танданысын білдіреді. Ал, әкесіне ұсынып тұрған қолындағы тамақ оралған түйіншек – қамқорлықтың символы, – дейді Урбанистика орталығының жоба

менеджері Рүстем Қожабаев.

Урбанистика орталығында айтылғандай, муралдағы отбасы шахтаға түсетіндердің барлығына күш пен шабыт сыйлайды. Жұмыстың әр элементі махаббат пен отбасылық байланыстардың маңыздылығын еріксіз мойында-тады.

Муралдың екінші мағынасы – кенші мамандығының маңыздылығын еске салу.

– Мурал кенші еңбегі тек жұмыс қана емес, жақындарының болашағы үшін атқарылатын асыл миссия екенін ескертеді. Ол өзінің тұп-тамырын ұмытпауға, отбасын бағалауға және үйге мақтаныш сезімімен оралуға шабыттандырады, – дейді Рүстем Қожабаев.

Мурал небары төрт күнде дайын болған. Урбанистика орталығы өкілінің айтуынша, оны салу кезінде ешқандай қиындықтар туындамапты.



• БАЙҚАУ

# Репортер болғың келе ме?

Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы қаламыздың 8-10 сынып оқушыларын «Қарағандының өшпес есімдері» тақырыбында өтетін облыстық байқауға қатысуға шақырады.

Ол үшін әр қатысушы қаланың дамуына елеулі үлес қосқан немесе қосып жүрген қала тұрғындары туралы қазақ немесе орыс тілдерінде бейнере-портаж түсіріп, ұйымдастыру алқасына жіберуі керек.

Байқауға өтінімді 1 қарашаға дейін, adb\_abai@mail.ru электрондық есімдері хэштегімен YouTube-арна-сында жұмысын орналастыруы керек. Ал, дауыс беру 20 қараша күні сағат 12:00-де тоқтатылады. Ең көп қаралған ролик «Көрермендер көзайымы» номинациясының жеңімпазы атанады.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау 22 қарашада өтеді (уақыт қатысушыларға қосымша хабарланады). Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Жұмысты білікті мамандардан жасақталған құзыретті қазылар алқасы бағалайды. Нәтижелер марапаттау

рәсімі кезінде жарияланады. Сонымен қатар, www.odb-abai.kz кітапхана сайтында орналастырылады.

Жұмысты бағалау кезінде бейнере-портажтың регламентке сәйкестігі, бейнере-портажтың мазмұны (сюжеттің толықтығы мен мазмұндылығы, сауаттылық), шығармашылық тәсіл (идеяның өзіндік ерекшелігі, композициялық шешім, бірінғай стильді сақтау) сынды критерийлер ескеріледі.

Ұйымдастырушы 15 қарашада дауыс беру үшін #Қарағандыныңөшпесесімдері хэштегімен YouTube-арна-сында жұмысын орналастыруы керек. Ал, дауыс беру 20 қараша күні сағат 12:00-де тоқтатылады. Ең көп қаралған ролик «Көрермендер көзайымы» номинациясының жеңімпазы атанады.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау 22 қарашада өтеді (уақыт қатысушыларға қосымша хабарланады). Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Өз тілшімізден

## ФОТОМАРАФОН

## Суреттегі сәт һәм тарих

Кеншілер қаласында «Қала өмірінен бір күн» дәстүрлі көрмесіне қатысу үшін фотомарафон жарияланды. Шара 4 тамызда өтеді. Оған кәсіпқой мамандар да, әуесқойлар да қатыса алады. Негізгі шарт – қызықты сәттер мен тарихи фотосуреттер түсіріп, ұсыну.



Фотомарафонды тұрақты ұйымдастырушы – «Қарағанды» фото клубы. Бұл бастама қала әкімдігінің және облыстық кәсіпкерлер қауымдастығының қолдауымен қаланың ішкі саясат бөлімі тапсырысымен қолға алынған.

Әр қатысушы бір күн бойы туған қаласының өмірін суретке түсіреді. Фотомарафон 4 тамызда басталып, келесі күнгі 00:00-ге дейін жалғаспақ.

Ал, қатысушылардың жасы 18 жасқа толған болуы тиіс.

Фотографтарға тақырыптар бойынша ешқандай шектеу жоқ, әркім әр түрлі нәрсені әр қырынан көрсете алады. Фотосурет жанрлары – көше, репортаж,

қала пейзажы және портрет.

Бір айта кетерлігі, ұялы телефонмен де суретке түсіруге рұқсат етілген. Өйткені, EXIF форматында ыңғайлырақ. Фотосуреттердің өлшемі кемінде 3000 пиксель болуы шарт.

Дайын жұмыстар photoclub.karaganda@gmail.com. пошта-сы арқылы қабылданады. Жұмыстарға қоса, онда автордың аты-жөні, фотосуреттің атауына қойылған қолы болуы керек. Тапсыру мерзімі 10 тамызға дейін. Фото клуб мүшелері 50-ге дейін, қалғандары 20-ға дейін фотосурет ұсына алады.

«Жобаға фотосуреттерді жібере отырып, қатысушы авторматты түрде «Қарағанды»

фотоклубының жоба кезінде коммерциялық пайдасыз өз жұмыстарын басып шығару, тарату және пайдалануына рұқсат береді», – деп ескертуді ұйымдастырушылар.

«Қала өмірінен бір күн» фотокөрмесін өткізу қыркүйек айына жоспарланған. Жұмыстарды іріктеуді Юрий Варыгиннің ЕҒАҒ тарапымен фотоклубтың көркемдік кеңесі жүргізеді.

Жоба 5 жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп келеді. Алғашқысы Қарағандының 85 жылдығына арналған болатын. Ал, биыл кеншілер қаласының 90 жылдық мерейтойына арналып отыр.

Өз тілшімізден

## ХАБАРЛАНДЫРУ

## Үшінші тұлғаларды хабардар ету

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) бірінші құқық қолдану тәжірибесін енгізу мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілеріне, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және т.б. азаматтардың мемлекеттік органдарға, соның ішінде Департаментке сенімін арттыруға бағытталған қолданыстағы заңнамаға енгізіліп жатқан өзгерістер жайлы жеткізгісі келеді. Мемлекетке сенім мәселесі оның даму деңгейіне және әлеуметтік бірлесуіне қарамастан, қоғамның да, мемлекеттік органдардың да үнемі назарында. Бұл, бір жағынан, билік органдарының қабілеті, екінші жағынан, мемлекет азаматтарының қалауы, бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі факторлары арасындағы өзара іс-қимылды жалпы реттеу жүйесінің міндетті элементтері ымыраға келу контексті болып табылады. Тиісті өзара іс-қимылды ұйымдастырудағы, демек, мемлекеттік басқару субъектілері мен

объектілері арасындағы сенімнің сындарлы деңгейіне қол жеткізудің қиындығы конструктивті диалогты ұйымдастыру үшін жағдайдың деңгейімен және қол жетімділігімен анықталады, оған қол жеткізу үшін қолданыстағы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді.

Осылайша, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» (бұдан әрі – Заң) 37-бабының 2-тармағының 6-1) тармақшасы мемлекеттік аудит объектісінің басшысы мемлекеттік аудиттің аудиторлық қызметі мүдделері қозғалатын кәсіпкерлік субъектілерін және өзге де тұлғаларды анықталған қаржылық бұзушылықтар туралы хабардар етуге міндетті.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы №392 бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағи-

далар), 101-1-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.09.2023 жылғы №989 бұйрығымен:

«Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есепті алған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудиттің аудиторлық қызметі мүдделері қозғалатын кәсіпкерлік субъектілерін және өзге де тұлғаларды ақпараттық жүйелер арқылы жазбаша /немесе электронды пошта, сондай-ақ, пошта қызметі нысанында хабарлайды. Апелляциялық комиссияға қарсылық білдірген кезде мемлекеттік аудит объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілердің және басқа да тұлғалардың аудиторлық есепке және/немесе қаржылық есептілік бойынша аудиторлық қорытындыға ескертулерін ескереді.

Осы бағыттағы жұмыс мемлекеттік аудит объектілері тарапынан «белсенді сенім» моделін қолдану арқылы тұрақты негізде жалғасатынын атап өткіміз келеді.

Саран қалалық сотында Д.С. Кузьменконың өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Ол 1968 жылы 10 шілдеде туған Сергей Андреевич Кузьменконы қайтыс болды деп тану туралы сотқа жүгінді. Табу жері туралы қандай да бір мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы Саран қалалық сотына, Саран қаласы, Шахтерская көшесі, 446, үш айлық мекенжайы бойынша хабарлауды сұраймыз жарияланған күнінен бастап мерзім.

В саранском городском суде по ходатайству Кузьменко Д. С. было возбуждено гражданское дело, в котором он обратился в суд с иском о признании умершим Кузьменко Сергея Андреевича, родившегося 10 июля 1968 года. Просим всех, у кого есть какие-либо сведения о месте нахождения, сообщить об этом в Саранский городской суд по адресу: г. Сарань, ул. Шахтерская, 446, трехмесячный срок со дня публикации.

№274

## Отчет ТОО «АлемГаз» об исполнении тарифной сметы за 1 полугодие 2024 года

## Характеристика компании

ТОО «АлемГаз» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14 октября 2005 года и приступило к деятельности на рынке га-

зоснабжения г. Караганда и области с января 2006 года. Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15

февраля 2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра субъектов естественного монополий. Компания обслуживает:

Адрес	Кол-во ГРУ	Газопроводы всего, км
Ленинский район	118	36 346
Советский район	101	28 633
Октябрьский район	40	14 592
Кировский район	2	754
Железнодорожный р-н	15	7 137
Всего по Караганде	276	87 462

## Основные финансово-экономические показатели

Наименование показателей	Факт 1 п-е 2024 год
Наименование показателей	Факт 1 п-е 2024 год
Коэффициент автономии (СК/СА)	0,3
Коэффициент рентабельности продаж	0,43
Рентабельность по чистой прибыли	0,06
Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях	8,9
Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях	3,9
Коэффициент текущей ликвидности	2,58
Коэффициент быстрой ликвидности	0,99

Утвержден предельный тариф на 5 лет/ВКТ с 01.10.2023по 01.10.2024, тенге/кг	Принято в ТС на 2024 год, тенге/кг	Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг	Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг
83,2 - 79,86	117,83	2 549,79	1 210,70

## Постоянное исполнение тарифной сметы, тыс.тенге

Наименование показателей	Утверждено в тарифе	Факт 1 п-е 2024 год	отклонения в %
Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего	287 315,90	100 670,75	-65%
Материальные затраты	12 964,63	6 559,35	-49%
Затраты на оплату труда ППП и налоги	227 800,02	76 112,85	-67%
Амортизация основных средств	4 352,63	1 256,24	-71%
Ремонт	15 006,12	2 800,04	-81%
Услуги сторонних организаций производственного характера	16 247,84	4 818,95	-70%
Прочие затраты	10 944,66	9 123,31	-17%
Расходы периода, всего	12 876,16	6 205,29	-52%
Затраты на оплату труда АУП и налоги	10 084,93	4 256,97	-58%
Амортизация	75,63	15,22	-94%
Налоговые платежи и сборы	249,35	10,41	-66%
Коммунальные услуги	113,74	88,12	-23%
Услуги связи	505,45	139,67	-72%
Другие расходы	1 892,44	1 619,27	-14%
Всего затрат	300 192,06	106 879,04	-64%
Прибыль/убыток	300 192,06	96 686,50	-68%
Всего доходов	2 549,79	1 210,70	-53%
Тариф (цена, ставка сбора) (без НДС)	117,73	88,28	-29,46

Справочно:	68	57	-8
среднесписочная численность работников всего, человек	68	57	-8
производственного персонала	64	58	-6
административного персонала	4	2	-2
Среднемесячная заработная плата всего, тенге	261 099,51	199 660,79	-61 438,72
производственного персонала	265 646,45	195 613,92	-70 032,52
административного персонала	188 348,54	317 020,04	128 671,50

## Исполнение ремонтной программы

Утверждено в тарифной смете	Факт 1 п-е 2024 год	Отклонение %
15 006,00	2 850,00	-81%
Наименование видов ремонтных работ	Факт показатели за 6 мес. 2024г	В т.ч. транспортировка газа через ГРУ
Материалы для текущего ремонта автомашин	17 048	2 557
Обслуживание ВДГО (материалы)	865 897	865 897
Рем.-сервисное обслуживание машин	484 746	191 044
Ремонт ГРУ (материалы)	1 606 206	598 514
Ремонт баллонов (материалы)	147 784	22 168
Ремонт оборудования (материалы)	40 252	6 038
Ремонт оборудования ГНС (материалы)	10 229	1 534
Ремонт цехов (материалы)	423 321	70 998
Ремонтно-строительные работы (материалы)	500 116	75 017
Ремонт оргтехники	110 500	16 575
Всего, тенге:	4 206 098	2 850 342

## Информация об исполнении утвержденной инвестиционной программы на 2024 год по итогам 1 полугодия 2024 года

Информация о плановых и фактических объемах предоставления регулируемых услуг		Отчет о прибылях и убытках*		Сумма инвестиционной программы				
Наименование регулируемых услуг и обслуживаемая территория	Наименование мероприятий	Единица измерения	Количество в натуральных показателях план факт	Период предоставления услуги в рамках ИП	План	Факт	отклонение	причины отклонения
Транспортировка СУГа по газопроводам от групповой резервуарной установки до крана на вводе потребителя г.Караганды	Капитальный ремонт компрессорной установки	установка	1 0	2024	4353	0	-4353	Для исполнения ИП проведены процедуры закупки. Не поступило предложений от поставщиков. В настоящее время ведется работа по поиску поставщиков с одного источника.

Информация о фактических условиях и размерах финансирования инвестиционной программы, тыс. тенге					
собственные средства		Заемные средства		Бюджетные средства	
Амортизация	Прибыль				
4353	0	0		0	

**Қарағанды Шинсервис**  
«Алтайский шинный комбинат» ААҚ  
«Росава» ЖАҚ  
«Матадор» ЖАҚ

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

**ШИНАЛАР**

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүзкөліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕВ АРАҢ ШИНАЛАР  
САТПАЙМЫЗ,  
ЕВ АРАҢДУ БАҒАҒА  
САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8 707 80 35 800

**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:**

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстағу және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: КЗ83ЛАА00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, [priemka@ksu.kz](mailto:priemka@ksu.kz)

273

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексiнiң, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

д

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс»» объявляет о продаже доли в УК 0,523 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739 (лицензия 09.21.001.К от 19.03.21г. УРП в г. Караганда Агентства РК по регулированию и развитию фин. рынков).

№180

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы, Қазақстан Журналистер одағының мүшелері, әріптесіміз Айым Сәдуақасованың әкесі және «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Қамбар Ахметовтің қайынатасы **Серікбай НҰРМҰХАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы әріптесіміз Айым Сәдуақасованың әкесі және «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Қамбар Ахметовтің қайынатасы **Серікбай НҰРМҰХАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз Айым Сәдуақасованың әкесі және «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Қамбар Ахметовтің қайынатасы **Серікбай НҰРМҰХАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.



# Жетінші күн: жеңістен үміттіміз

Париждегі Олимпиада ойындарының жетінші күні де өз мәресіне жетті. 31 шілде боксшы Валентина Хальзова қарсыласына есе жіберіп, Олимпиада ойындарын аяқтады.



Суреттер ашық дереккөзінен

Ал, 1 тамыз Олимпиада ойындарының кезекті жарыс күнінде дзюдодан 100 келі салмақ дәрежесінде Нұрлыхан Шархан сыңға түсіп, бірінші жекпе-жекте қарсыласынан айласын асырғанымен, ширек финалда өзбек спортшысына есе жіберіп қойды.

Бірінші белдесуімде бельгиялық балуанмен күрестім. Барлығы ойдағыдай өтті. Функционалды жұмыс істеп, бапкерлердің айтуы бойынша әрекет етіп, бірінші белдесуде жеңіске жеттім. Екінші белдесуде өзбекстандық балуанға есе жіберіп қойдым. Ешқандай да шаршау болған жоқ. Өз ойымдағы іс-қимылдардың барлығын қолданып, барымды салдым. Ендігі мақсатым – 2028 жылғы Олимпиада ойындарында жеңіске жету. Осы жарыста мені қолдаған барша қазақ халқына, отбасыма алғысымды айтамын, – деді Нұрлыхан Шархан.

Садақ атудан ерлер арасындағы жекелей сында Дәулеткелді Жаңбырбай және Александр Еременко, нысана көздеуден сыңға түскен Александр Ле – Х, Арина Алтухова XIII орынмен ойынды жеңіліспен аяқтады. Сонымен қатар, боксшы Айбек Оралбай және Мұхаммедсабыр Базарбайұлы іріктеу кезеңінен өткенімен, ширек финалда жеңіліс тапты. Осы мәселе жөнінде Қазақстан «нәтижемен келіспейміз» деп төрешілер үстінен шағым түсірді.

Біз бұл нәтижемен келіспейміз және РВU-дан түсініктеме талап еттік. Бұдан Халықаралық олимпиада комитеті ха-

бардар. Біздің ойымызша, қазақстандық боксшы 2024 жылғы Олимпиаданың жартылай финалына жолдама беретін маңызды кездесуде жеңіске жетті. Өткен жекпе-жектің нәтижесін қайта қарау мүмкін емесін де түсінеміз. Алайда, біз ірі халықаралық жарыстағы төрелік әділ әрі таза болғанын қалаймыз, – деді УОК бас хатшысы Жанар Отешова.

Қазақстаннан Парижде жеті ер, үш әйел боксшы жолдама алған еді. Қазір ерлер арасында екі боксшы (51 келіде Сәкен Бибосынов, 80 келіде Нұрбек Оралбай), әйелдер арасында да екі боксшы (50 келіде Назым Қызыбай, 57 келіде Карина Ибрагимова) қалды. Соның ішінде Назым Қызыбай ширек финалға жолдама алды.



## • ФУТЗАЛ

# Қызылордада қола алды

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданында орналасқан жалпы білім беретін №61 мектептің қыздар командасы Қызылорда қаласында өткен футболдан мектеп лигасында сәтті өнер көрсетіп, қола жүлде иеленді. Ол құраманың ішінде үшінші сатыға тұрақтау – зор жетістік.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Сыр еліне барып, ептілігін таныта білген жас аяқдоп шеберлерін ұлттық лигаға дайындаған жаттықтырушылар – Алексей Русев пен Елена Жданникова.

Командамыз алдымен, аудандық,

қалалық мектептер арасында іріктеуден өтіп, облыстық мектеп лигасының чемпионы атанды. Бұл бізге Қызылордада аймақ атынан өнер көрсетіп, намысын қорғау құқығын берді. Демалыс кезінде

Ол әлем чемпионатында 2 рет топ жарып, 1 рет үздік үштікті түйіндеген Азия чемпионы.

– Олимпиада да ешбір қарсылас осал болмайды. Бүгінгі бразилиялық спортшы да мықтылар қатарынан. Жекпе-жекте жеңіске жеттім. Десе де, еш босаңсуға болмайды. Келесі қарсыласым – колумбиялық Валенсия Виктория Ингрид Лорена. Әлем чемпионатында оған есе жіберген едім. Енді тыңғылықты дайындалып, есесін қайтаруым керек, – деді Назым Қызыбай.

2 шілдеде Олимпиада ойындарында бақ сынаған стенд атудан Эдуард Ещенко, жеңіл атлетика спорты бойынша Надежда Дубовицкая мен Елизавета Матвеева, дзюдодан Камила Берлікаш, жүзу спортынан Әділбек Мусин ойынды жеңіліспен ақтады. Академиялық ескек есуші Е финалында Владислав Яковлев үздік ойын көрсетіп, жарысты бірінші орынмен аяқтады. Батуттық гимнастикадан Данил Мұсабаев, бокстан Карина Ибрагимова жеңіс алаңына енді шығады. Ал, финалдық бәсекеде боксшы Нұрбек Оралбай мен Сәкен Бибосынов сыңға түспек. Сонымен қатар, командалық бәсекеге алғаш рет жолдама алған Қазақстан құрамасы да Олимпиада ойындарында бақ сынасады.

**Аружан СЕРІКБАЙ,  
Е.Бокетов атындағы Қарағанды  
зерттеу университеті  
журналистика бөлімінің  
III курс студенті**

## • МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ

# Ұлттық ойын ұлықталған күн

Қарағандыда 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдауға және Мәслихаттардың 30 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан «Абай жүлдесіне» арналған облыстық іріктеу турнирі өтті. Оған облыстық мәслихат депутаттары, облыстың қала мен аудандарынан келген масс-медиа өкілдері, блогерлер қатысты. Турнирдің ашылу салтанатына облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев пен облыстық мәліхатының депутаты, әлеуметтік мәдени даму бойынша тұрақты комиссиясының төрағасы Қадриша Оспанова қатысты.



**Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»**

Өңірде тоғызқұмалақ қарқынды дамуда. Түрлі байқаулар жиі ұйымдастырылып, жастарды спортқа баулу, насихаттау мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда. Темірхан Серікбайұлы турнирге қатысушыларға лебізін білдіріп, тоғызқұмалаққа қолдау барын баса айтты. Әрі күні кеше ғана Чехияда өткен әлем кубогында топ жарған жерлесіміз Аңсаған Қожанәсіпті Алғыс хатпен марапаттады.

– Тоғызқұмалақ тарихы қазақ халқының өмір салтымен тығыз байланысты. Біз ұлттық спортқа қолдау білдіруіміз қажет. Бүгінде дамыту мақсатындағы жұмыстарда нәтиже де жоқ емес. Сондай көпке үлгілі жастардың бірі – Аңсаған Қожанәсіп. Әлі де талай долада топ жарды деген сенімдеміз, – деді басқарма басшысы.

Аңсаған Азаматқызы – 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қатысушысы. Бұған дейін іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өтіп, ел намысын байрақты бәсекеде қорғау мүмкіндігіне ие болған. Жерлесіміз осы жолдаманы Бурабайда өткен іріктеу турнирінен жеңіп алыпты. Өзі әлі де түрлі турнирлерде өнер көрсетіп жүргеніне қарамастан шәкірт тәрбиелеуде. Шәкірттерінің алды қалалық, облыстық деңгейдегі түрлі турнирдің жүлдесін қанжығалап үлгерген.

– Іріктеу турнирі оңай болған жоқ. Ол турнир өзара екі іріктеу кезеңінен тұрды. Қос кезеңнен топ жарған төрт қатысушы Бурабайда өткен іріктеу кезеңінде өзара тағы кездесті. Қарсыластарымыз осалы жоқ. Дегенмен, тыңғылықты дайындық пен жаттықтырушының нұсқаулығының арқасында жеңіске жетіп, жолдама иеленді. Қазір байрақты бәсекеге тыңғылықты дайындықты бастап кеттік, – деді тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азияның екі дүркін чемпионы, әлем чемпионатының қола жүлде-

гері Аңсаған Қожанәсіп.

Аталған турнирде масс-медиа қызметкерлері – өзара, мәслихат депутаттары – өзара күш сынасты. Ер қатысушылар мен әйелдер қауымы да бөлек бақ сынады. Мәселен, мәслихат депутаттары адам санына қарай швейцариялық жүйемен ойнайды. Яғни, бірінші топтағы жеңген қатысушы кесте бойынша екінші топтың жеңімпазымен кездеседі. Ал, әйелдер қауымы қатысушы санына қарай бәрі бір-бірімен күш сынасты. Әр спортшыға – 10 минуттан уақыт берілген. Өз тобында жеңіске жеткен қатысушы тамыз айының 15-інде өтетін республикалық турнирге жолдама иеленеді.

– Мәслихаттың 30 жылдығына орай жыл басынан бері өңірде түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – осы тоғызқұмалақ. Ұлттық ойындарымызды насихаттау, әрі мәслихат депутаттары бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында ұйымдастырылуда. Өзім де осы турнирге қатысамын. Бұрын-соңды ойнап көрмесе де, жарысқа дейін барымды салып үйрендім. Ережелерімен танысып, арнайы дайындалдым, – деді Қарағанды қалалық мәслихат депутаты Марат Түсіпов.

Жарыс қорытындысы бойынша мәслихат депутаттары (ерлер) арасында өткізілген турнирде Нұра аудандық мәслихатының депутаты Есенжол Егембаев I орын иеленді. Ал, әйелдер арасында өткізілген кезеңде Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Сәуле Дүйсембаева үздік атанды. Ал, масс-медиа қызметкерлері арасында өткен турнирдің жеңімпазы Бұқар жыраулық блогер Болат Дінмұхаммед атанса, әйелдер қауымы арасында өткен бәсекеде Қарағанды телеарнасының қызметкері Зарина Мукашева топ жарды.

Суреттерді түсірген автор



## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісулы  
ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –  
К.А. АЙТЖАН  
Бас редактор –  
Е.К. МҰСАБЕК  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

### Телефондар:

Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

### Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинк, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJWBKZXXX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 86 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік органдығы теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Салтанат ШИЯШ